22.12.2025

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жанындағы Абай ғылыми-зерттеу институтының ұйымдастыруымен Абайдың 180 жылдығына орай «Абай ілімі» пәні аясында «Абай ілімі – рухани құндылықтар жүйесі» атты интерактивті танымдық сабақ өтті. Танымдық сабаққа университеттің әртүрлі факультеттерінде білім алып жатқан жастар қатысты.

Танымдық сабақ аясында студенттер «Абай ілімі» пәні бойынша оқу-зерттеу жұмыстарының нәтижелерінің негізінде дайындаған интеллектуалдық өнімдерін ұсынып, мазмұны мен идеялық ерекшелігін жан-жақты таныстырды. Әрбір өнімде ұлы Абайдың шығармашылығы, қара сөздері мен кісілік қағидалары заманауи форматта ұсынылып, жаңа қырынан көрініс тапты. Танымдық сабақ интерактивті форматта өтіп, қатысушылар еркін пікір алмасып, ой бөлісті. Студенттер өз жобаларын таныстыру барысында Абайдың кісілік кодексінің қоғам үшін өзектілігін атап өтіп, күнделікті өмірде қолданудың маңыздылығына тоқталды. Сондай-ақ студенттер шағын көрініс қойып, поэзия, ән-жыр, күй тарту етіп, көрерменге көтеріңкі көңіл-күй сыйлады.

«Абай ілімі» пәні бойынша оқу-зерттеу жұмыстарының нәтижелерінің негізінде дайындалған өнімдер

Бірінші өнімнің атауы:
«Абай ілімінің концептуалдық моделі» (кітапша)
Орындаған: 104-топтың студенттері
Оқу бағдарламасы: шетел тілі: екі шетел тілі
Факультет: Филология факультеті
Университет: Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Жетекшісі: аға оқытушы Даутова Б.Д.



Екінші өнімнің атауы:
«Трек-пластинка» (бейнетаспа/үнтаспа)
Орындаған: 102-топтың студенттері
Оқу бағдарламасы: қазақ филологиясы
Факультет: Филология факультеті
Университет: әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық уиверситеті
Жетекшісі: аға оқытушы Даутова Б.Д.




Үшінші өнімнің атауы:
«Телеграм-бот» (Абайдың өмірбаяны, шығармашылығы, қара сөздері, кісілік кодекс, өлеңдер)
Орындаған: түркітану мамандығының студенттері.
Факультет: Филология факультеті
Университет: Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Жетекшісі: аға оқытушы Даутова Б.Д.



Төртінші өнімнің атауы:
«Абай ілімі әлеуметтік желісі»
Орындаған: 101 топтың студенттері.
Оқу бағдарламасы: қазақ филологиясы
Факультет: Филология факультеті
Университет: Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Жетекшісі: аға оқытушы Даутова Б.Д.



Бесінші өнімнің атауы:
«Абай ілімі пәнінің сайты»
http://abai-ilimi.tilda.ws.tilda.ws/
Орындаған: 104 топтың студенттері
Оқу бағдарламасы: қазақ филологиясы
Факультет: Филология факультеті
Университет: Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Жетекшісі: аға оқытушы Даутова Б.Д.



Жетінші өнімнің атауы:
«Жоспарлық күнделік»
Орындаған: Алтынбекқызы Бибінұр
Оқу бағдарламасы: шетел филологиясы (қытай тілі)
Факультет: Шығыстану факультеті
Университет: Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Жетекшісі: аға оқытушы Ыбырайқызы Г.



Сегізінші өнімнің атауы:
«Абайдың Кісілік кодексі жазылған әртүрлі стильдегі телефон қаптама»
Орындаған: әдебиеттану мамандығының 1-курс студенттері
Факультет: Филология факультеті
Университет: Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Жетекшісі: аға оқытушы Ыбырайқызы Г.



Тоғызыншы өнімнің атауы:
«Абай мұрасын оңай тауып беретін интеллектуал бот көмекші»
Орындаған: музеология және тарихи-мәдени туризм мамандығының 1-курс студенттері
Факультет: Тарих факультеті
Университет: Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Жетекшісі: аға оқытушы Ыбырайқызы Г.



Оныншы өнімнің атауы:
«Абайдың Кісілік кодексіне арналған үнтаспа» (Стенд)
Орындаған: 1-курс студенті Тұрған Мерей Ержанқызы
Мамандығы: кино және медиа мамандығыны
Факультет: Журналистика факультеті
Университет: Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Жетекшісі: аға оқытушы Ыбырайқызы Г.



Абай институтының ақпараттық қызметі
Ақпаратты жариялаған және суреттерді түсірген Алмазқызы Айгерім
Абай институтының кіші ғылыми қызметкері
Рафикова Кәусар Медеуқызы
КММ №207 мектеп-лицейінің 11 сынып оқушысы